



Құлманов Сейтқали

1917 жылдың 10 наурызында Қостанай облысы Аманкелді ауданы №11 Мұқыр ауылында туған. Мектепті бітірген соң, дүкенші болып жұмыс істеген. 1940 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге шақырылған. Украинадағы Кременчуг қаласында болған. Соғыс жылдары I, II Украина майданы, Белоруссия майданында болған. 1942 жылы соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Ұлы Отан соғысының соңғы күндері Кенинсберг қаласында болған. 1945 жылдың тамыз айынан Жапон армиясына қарсы соғыста болған. Әскер қатарынан 1946 жылдың қазан айында босап, елге оралған. Әуликөл ауданы Қарамыс ауылында

тұрды. Госстрахтың агенті, дүкенші болды. Әуликөл-Аманкелді жол торабында 1963 жылға дейін жұмыс істеді. Кейін Степняк совхозында рабкоп меңгерушісі, Аманкелді ауданы тұтынушылар одағында қойма, наубайхана меңгерушісі болды. 1977 жылы зейнеткерлікке шықты. Соғыстағы ерлігі үшін «Ерлігі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

